

# AQTÓĞAI AJARY

Aqtóğai aýdandyq qoғamdyq-saiasi basylım

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№18 (7855)  
Жұма  
6 мамыр  
2022 жыл

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Жеңіс күні



## Құрметті Отан қорғаушылар мен Қарулы Күштер ардагерлері!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сонау ықылым заманнан бері-ақ ата-бабаларымыз қасиетті жерімізді кие тұтып, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен дархан далаға дұшпан табанын дарытпай, қорғап келеді. Сол жанқиярлықтың арқасында Алатаудан Арқаға дейін, Алтайдан Атырауға дейін қанатын жайып жатқан қазақ жерін сақтап қалып, аталар ісін алға апаратын ұлтжанды, отансүйгіш, дархан мінезді, пейілі кең, иманжүзді, жүрегіне мейірім ұялаған адал ұрпақ өсіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан деген қасиетті ел бізден басқа ешкімге керек емес», - деген еді.

Осы аталы сөз біздің бойтұмарымыздай болуы тиіс. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміздің шекарасын айқындап, тұпқазығын қақтық, іргемізді бекіттік. Сол шекарамыздың бекемдігі, аспанымыздың ашық болуы, ел бақытының баянды болуы – Отан қорғаушылар қолында екені бәрімізге белгілі, келер ұрпақтың еншісі екені анық. Тәуелсіздігіміздің тірегі бекем, тұғыры биік болуы үшін жас ұрпақты білімді де саналы етіп өсіру алдыңғы буын ағаларға парыз.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен тағы да құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға береке-бірлік тілейміз. Мереке құтты болсын!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова.

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов.

## Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев:

### «Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды».

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық телеарналар арқылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелеріне қатысты бейнеүндеу жариялады. Президент өзінің үндеуінде алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайтынын айтты.

— Бұл халықтың көп жолы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілетінін қалайды. Сондай-ақ, саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет, — деді Қ.Тоқаев.

Президент айтпағандай, 27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата Заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды.

— Негізінде, бұл заңды қабылдасқан тәжірибе. Бірақ, дағудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық басып қабилдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан, бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым, — деп толықтырды Мемлекет басшысы халыққа жолдаған үндеуінде.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қазығайтарымыздың берік ұстанатынымызды білдіретінін айтты.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беруі, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады, — деді Президент.

Өз тілімімізден.

## Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Баршаңызды өшпес ерлік пен қаһармандықтың мерекесі – Ұлы Жеңістің 77 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 77 жыл толып отыр. Жүздеген мың қазақстандықтар майдан даласында жанқиярлықпен ерлік көрсетті. Бұл – туған жерді, Отанды шынайы қастерлеуді паш еткен ең ұлық күн, халқымыздың беріктігі мен қайсар рухының белгісі. Елдің елдігі мен халықтың тұтастығы сынға түскен Ұлы Жеңіске ержүрек халқымыздың өжеттігі мен бірлігінің арқасында қол жеткіздік. Бүгінгі Тәуелсіздігіміз, еліміздің өркендеуі – осынау Ұлы Жеңістің жалғасы. Жыл сайынғы 9 мамырда аталып өтетін қасиетті мерекеді елімізде сол қаһарлы күндердің куәгерлері – майдангер әкелер мен тылда жауды жайратуға үлес қосқан тыл ардагерлеріне шынайы да терең сезіммен айрықша құрмет көрсетіліп келеді. Мемлекетіміздің басшысы Қ.Тоқаев та оларға қолдау білдіріп, хал-ахуалын жақсартуға назар аударып, сонау зұлматты соғыста жеңіске осындай ардақты жандардың жанқиярлық еңбегі мен бірліктің арқасында ғана жетуге мүмкін болғанын үнемі еске алып отырады. Біздің ардагерлеріміз әрдайым еліміздегі достық пен келісімнің берік іргетасы болып келеді.

Жарқын мереке күні біз бейбіт өмірмен тыныштық сыйлаған қаһармандардың құрметіне басымдызды иіп, соғыс және еңбек майдандарында Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан барлық жерлестерімізді асқан ризашылықпен еске аламыз.

Қадірменді жерлестер!

Сіздерді Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтап, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ та қуанышты ұмыр тілейміз.

Аудан әкімі  
С.Әбеуова.

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов.





Жолдау мұраты – ел мүддесі

Президенттің жаңа Жолдауы шынайы саяси жаңғыру мен кешенді реформаларға бастау болды. Онда қоғамды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің нақты шешімі айтылып, көкейкесті сұрақтарға жүйелі

екенін қадап айтты. Сонымен қатар, Президенттің туыс-тумаларының мемлекеттік саяси лауазымды қызмет пен квазимемлекеттік сектордағы жоғары лауазымдардан шеттету отбасылық-кландық сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің кепілі болмақ. Президенттің мемлекеттік басқару жүйесін қағаз-бастылық бюрократиядан арылтуға бағытталған арнайы жарлығы жедел саяси шешімдер қабылдауға, тиімді әрі нәтижелі мемлекеттік басқаруға жол ашпақ.

## Мақсат – Жолдауда көтерілген бастамаларды іске асыру

жауаптар берілді. Халықтың талап-тілектері барынша ескерілді. Жалпы алғанда, Президенттің Жолдауындағы саяси жаңғыру мен реформалауға бағытталған жаңа ұсыныстар мен бастамаларды жүзеге асыру үшін ел Конституциясына 30-ға жуық өзгерістер енгізілмек. Әсіресе, мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесін реформалау, ашық және мөлдір сайлау жүйесін құру, партиялық құрылысты демократиялық жолмен жетілдіруге бағытталған Мемлекет басшысының саяси шешімдері жалпықоғамдық қолдауға ие болуда. Сондай-ақ, күшті Парламентке сүйенетін президенттік басқаруға өту халықтың үніне құлақ асатын мемлекет құрудың сара жолы деп айтуға болады. Бүкіл биліктің президенттің қолына шоғырлануы – қауқарсыз парламент, дәрменсіз үкімет пен солқылдақ сотты туындатып, биліктің үш тармағының Президенттің аузына қарап, шарасыз отыруына әкеліп соққаны баршаға аян. Мемлекет басшысы алдағы уақытта мұндай келеңсіздік жойылатынын, әр билік тармағы өзінің құзыретіне сай қызмет жасауы қажет

Сондай-ақ, Президент Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. Ұлттық құрылтай қоғамдық диалогтың институционалды моделін қалыптастырып, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналады. Мемлекеттік-әкімшілік аумақтық басқаруды оңтайландыру мақсатында Мемлекет басшысы Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құру туралы тарихи маңызы бар саяси шешім қабылдады. Шалғай аудандарда мекендейтін халық үшін облыс орталықтарының алыста орналасуы жол-көлік қатынасын қиындатып келген еді. Енді бұл мәселе де оңтайлы шешімін тапты.

Жолдауды халқымыз үлкен үмітпен күтті, жаңа Жолдауда бұқараның мұң-мұқтажы ескеріліп, талап-тілектері орындалып, биліктен күткен үкілі үміті ақталып отыр. Ендігі мақсат – бүкіл ел болып жұмылып, жасампаз Жолдауда көтерілген игі бастамаларды іске асыру.

**Р.Балпықова,  
Сарышаған мектебінің ұстазы.**

## Келешек үшін маңызды шешім

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру» деп аталған Жолдауында еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызды бастамалары нақтыланып, келешек үшін маңызды шешімдер қабылданды. Саяси салада қабылданған президенттік шектен тыс өкілеттіктерден бас тарту елдегі саяси жаңарудың демократиялық құндылықтардың жаңа үрдісінің қалыптасуына ықпал етеді. Билік құрылымдарының шешім қабылдауда бұқара қауымның пікірін ескере отырып, ашықтық, жариялылық қағидаларын қамтамасыз ететін маңызды фактор болмақ. Құқықтық тұрғыдан заң талаптарын күшейту – өте орынды көтеріліп отырған мәселе. Халықтың әлеуметтік мәселелерін шешу тек билік тарапынан ғана талап етілмесе керек-ті. Оған үкіметтік емес сектордың да қатысы бар. Мәселен, олар маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеріп, жан-жақты

шешілуіне ықпал етеді. Билік пен халық арасындағы дәнекер ретінде қарым-қатынасты арттыру арқылы халықтың мүддесін көздейтін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған қоғам қалыптастыру жаңа Қазақстанның демократиялық қағидаларының негізгі бастамасы болатыны анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Мақсатқа жету үшін тек мемлекеттік аппаратты жаңарту жеткіліксіз, әрқайсысымыз өзгеруіміз керек. Мен барша қазақстандықтарды біртұтас организм ретінде жаңа Қазақстанды құруға кірісуге шақырамын. Біздің басты байлығымыз – тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, ұлттық бірегейліктің іргетасын нығайтып, елді өзгертуге жұмылуымыз керек. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз», – деген сөзін толық қолдаймын.

**Ғ.Әріпбеков,  
Ортадересін ауылының тұрғыны.**

## Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан

Айналаны жасып желекке көмкеріп, теректерге гүл таға келетін көктемнің шырайлы мейрамының бірі – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күні халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі нығайып, еліміздегі ұлттаралық



татулық беки түседі. Береке мен бірліктің бастауына айналған осы мереке еліміз бойынша кең көлемде атап өтіледі.

Ақтоғай ауданы да Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күнінде елімізді мекендеген халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеп, ұлттар татулығын паш етті.

1 мамыр күні аудан орталығындағы стадионда Қазақстан халқы бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан» атты мерекелік фестиваль өтті. Мерекелік шерудің шымылдығы ашылып, сөз алған аудан әкімі Салтанат

қауымға игі тілек, ізгі ниетін жеткізді.

Келесі кезекте ел алуан түске малынып, әлем халықтарының ұлттық киіміндегі К.Байсейітова, Ә.Бөкейхан атындағы мектеп оқушылары мен «Аққыз» балабақшасы бүлдіршіндерінің өнерін тамашалады. Жер-жаһанды мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың әртүрлі әуендері мен мың бұралған билері еліміздегі халықтар бірлігі мен достығының шын мәніндегі үлгісін паш етіп жатты.

Өнерлі жастардың концерттік бағдарламасы барысында «Балдәурен», «Ақ көгершін», «Қазақ елі», «Попури», «Ағайынбыз бәріміз» әндері әуелесе, «Балбырауын» би ансамблі «Әлкисса», «Орыс бий», «Өзбек» билерімен көрермен



көзайымына айналды.

Сонымен қатар, аталмыш мереке қарсаңында аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен жастар орталығы



Әбеуова: – Бүгінде тәуелсіз ел болып, әлемнің алып елдерімен терезесі тең дәрежеге жеткен қазақ елі үшін халықтар бірлігінің, ынтымақтастығының орны ерекше. «Бірлігі бекем ел озады» демекші, арман-тілегі бір ұлттар арқасында еліміз бүгінде барлық салалар бойынша қарқынды дамып, өркендеп келеді. Ырыстың ынтымаққа, берекенің бірлікке бітетінін көпұлтты халқымыз дәлелдеп отыр. Бір шаңырақ астындағы халқымыздың татулығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздің ұлттаралық тұтастығы әрдайым берік болсын, – деп Қазақстан халқының бірлігі мен достығы мерекесін дәріптеп, ұлы дүбiрге қосылып, мерекеге жиналған

ұйымдастырған түрлі спорттық шаралар өтіп, Қазақстан халқының бірлігі мен достығы мейрамының маңызын арттыра түсті.

Иә, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Қасиетті қазақ топырағында тағдыр тоғыстырған бауырмал туыстарға, бір туған бауырларға айналған сан түрлі ұлттардан тұратын бір отбасының мүшелері іспетті қазақстандықтар еліміздің әр аймағында айтулы мерекені кең ауқымда атап өтіп, бір-біріне ақсарма құттықтауларын жолдады.

Осынау егемен еліміздің жеткен жетістіктерінің барлығы ынтымақ пен ымыраның арқасы екені даусыз.

**Думан Қабыл.**



КСРО Халық әртісі Шолпан Жандарбекованың туғанына – 100 жыл

Қазақстан-2050: агроөнеркәсіптік кешен

## АУЫЛ ТЕАТРЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ МЫҚТЫ

Қазақ театр өнерінің қарлығашы, КСРО Халық әртісі Шолпан ЖАНДАРБЕКОВАНЫҢ туғанына бір ғасыр толуына орай Қарағанды облысы бойынша халық театрлары байқауының шымдылығы түрлі. Өнер додасы театр өнерін дамыту, орындаушылық шеберлікті шыңдау, репертуар мен сахналық костюмдерді жаңартуды көздейді. Қарқаралы ауданынан басталған байқаудың қазылар алқасының көшпелі керуені

Ақтоғай қамшы салдырып көрмеген. Бұл жолы да «Шалқар» халық театрының шығармашылық ұжымы сахна шеберлігін танытып, өнер сүйер қауым мен қазылар алқасының сынынан сүрінбей өтті.

Шабанбай би ауылының «Шалқар» халық театры батыр Бауыржан Момышұлының «Запура мен Зәуре» әңгімесінің желісі бойынша дайындалған «Жазықсыз жабылған жала» спектаклін (режиссері М.Құлымжанов), Ақтоғай халық театры жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Табалдырығына табын» атты туындысын (режиссері Н.Жақанбаев) сахналады.

Кез келген шығарманың оқиғасы өмірден алынады. Ал, шығармаға жан бігіретін драматургия екені екі бастан белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде, Шет, Ақтоғай халық театры ұжымдары өздерінің мақсаттарына жетті деп айта аламыз. Ақтоғай халық театрының актерлері Еркебұлан Рысбек (Жәкен), Сымбат Қожамбаева



Шет, Ақтоғай аудандарына ат басын тіреді.

Байқау жеңімпаздары бас жүлде және I, II, III орындар бойынша, сондай-ақ, «Үздік ер адам рөлі», «Үздік әйел рөлі», «Екінші пландағы үздік адам рөлі», «Екінші пландағы үздік әйел рөлі», «Үздік режиссерлік жұмыс» номинациялары бойынша марапатталады.

27 сәуірде Шет аудандық халық театры өнерін көрсетті. Театр алғашқы жұмысын 1975 жылы драма үйірмесінен бастаған. Драмалық үйірменің мүшелерінің қатысуымен ең алғаш жазушы С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал», «Қыр гүлі» спектакльдерін қойды.

Халық театры жылдан жылға өз репертуарын түрлі тақырыптағы пьесалар, драмалармен жандандырып келеді. Ұжым уақыт өткен сайын жаңа құраммен толығуда. Сонымен қатар, байқауға Ақадыр кентінің халық театры қатысты.

Шет аудандық халық театры заманымыздың заңғар жазушысы Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Табалдырығына табын» драмасын, Ақадыр халық театры Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды Шынарым» лирикалық драмасын сахналап, өнер сүйер қауымның қошеметіне бөленді.

Сенбі күні ақтоғайлық өнерпаздар өнер көрсетті. Жалпы, өнердің қай түрінен болсын



(Ханым) өз кейіпкерлерін асқан шеберлікпен, асқан шынайылықпен орындап, трагедиялық туындыны сәтті алып шықты. Бұл – біздің пайымымыз. Ал, нақты баға – байқау қазылары мен театр сыншыларының еншісінде. Бастысы, тұғыры мықты ауыл театры өнердің туын жықпай, халыққа қызмет етіп отырғанына көрермен де, қазылар да куә болды. Біз соған қуандық.

Байқау эстафетасы Ақтоғайдан шығып, ұлт ұясы Ұлытауға жол тартты.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ.  
(«Ortalyq Qazaqstan» газетінен).

Дін – бірліктің діңгегі

## Радикал тұлғасы қалай қалыптасады?

Діни жат ағымдар көбінесе қарадүрсін сипаттағы өз сенімдерін ашық үгіттейді. Олар өз ұстанымдарымен сәйкеспейтін мемлекет саясаты мен дәстүрлі үрдістерді ашықтан ашық сын тезіне алады. Әсіресе, зайырлы құндылықтарды кінәлап, оны алмастырушы кемел діни ілім ретінде діни ағымдардың идеологиясын насихаттайды. Олар көбіне-көп заңды ұйым емес, топ болып құрылады. Сондықтан да, мемлекеттік органдар олардың қауіптілігін қаперге ала бермейді. Бірақ, діни жат

ағымдар зайырлы жүйені діни тұрғыдан сынап отырып, өз жақтастарын қоғамнан топ-топ болып окшаулануға шақырады. Яғни, тәкбіршілер өз топтарына жалаулатып ат қойып, ұйым құрмағанымен, зайырлы құндылықтардан ұзақ, санасы тұмшаланған бітеу жеке тұлғалардың қарасын көбейтеді. Олар өз идеологиясын насихаттау барысында әлеуметтік мәселелерді құрал етіп пайдаланады. Қоғамда орын алып жатқан тенсіздік пен сұрықсыз көріністерді хәм діни дүмшелікті өткір түрде

айыптайды. Осыған орай кейде діни жат ағым өкілдер батыл іс-қимылымен кейбір таяз ойлы адамдардың сүйіспеншілігіне бөленіп жатады. Оларға ерушілер үшін деструктивті діни ағымдардың сенімі әділеттілікті қалпына келтіруші мазмұндағы діни идеология болып санала бастайды. Яғни, әлеуметтік-психологиялық күйзеліске түскен азаматтар өздерін турашыл етіп көрсеткен деструктивті діни ағымдардың идеологиясына алданып жатады.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

## Ауылшаруашылық жануарларын ұстаудың ветеринариялық нормаларын сақтау туралы

Ақтоғай ауданының аумағы – ауыл шаруашылық жануарларын өсіруге қолайлы мекен, кейінгі арада ауданымызда ауыл шаруашылығы өркендеп өсуде. Алайда, кейінгі мал шаруашылығымен шұғылданып жүрген мал иелеріне, төмендегі ауылшаруашылық жануарларын ұстау ветеринариялық нормалардың ішінен қысқартылып, ең маңызды талаптарды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» 2015 жылғы 29 мамырдағы №7-1/498 бұйрығының талаптары:

– Су жинақтаушы ұңғымалар, шахталық құдықтар кәсіпорынның аумағында орналасқан болса, онда оларды мал шаруашылығы қора-жайларынан кемінде 50 м қашықтықта орналастыру.

– Мал шаруашылығы қора-жайларында ағаштан жасалған оттықтар, астаулар және басқа жабдықтардың пайдалануына жол бермеу.

– Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қоршауларды көннен тазартып отыру.

– Шаруашылық ауысуы және өртке қарсы мақсаттарға суды сақтау үшін кемінде екі резервуар орналастыру.

– Жануарларға арналған қора-жайларда жас ерекшелігіне және күтіп бағу тәсілдеріне қолданылатын микроклиматтың оңтайлы көрсеткіштерін сақтау және оларға жүйелі бақылау жүргізіліп отыру.

– Окшауландырылған секциялар мен қора-жайлар оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйелерімен жабдықтау.

– Қора-жайларды және басқа объектілерді дезинфекциялау алдында дезинфекциялауға жататын жерлерге мұқият механикалық тазарту жүргізу.

Мұқият механикалық тазарту деп үстіңгі беті материалының құрылымы мен түсі анық көрінетін және көзбен қарағанда тазалау үшін қиын қол жетпейтін жерлердің өзінде көңнің, азықтың және басқа ластанулардың түйіршіктері көрінбейтін тазарту дәрежесі түсіндіріледі.

Өндіріс объектісінің немесе оның бірінші кезегінің құрылысын салу, жабдықтарды баптау және іске қосу толық аяқталғаннан кейін өнеркәсіптік аймақтың аумағында орналасқан барлық ғимараттарға және құрылыстарға механикалық тазарту және іске қосар алдындағы дезинфекция жүргізіледі.

Жемшөптерді таратуға арналған жабдықтар мен құралдар әрбір азықтандырудан кейін коқыстан мұқият тазартылады және аптасына бір рет дезинфекцияланады.

Инфекциялық аурулар пайда болған жағдайда өндіріс объектісінде дезинфекция жүргізіледі.

Ірі қара малы, жылқы, түйе және ұсақ мүйізді малдарды өсіру жөніндегі кәсіпорындар мен басқа жекелеген ауыл шаруашылығы объектілері арасындағы зооветеринариялық арақашықтықтар – 150 метр.

Карантин кезінде өндіріс объектісінің ветеринария саласындағы маманының рұқсатынсыз орын ауыстыруға (жануарларды басқа қора-жайларға, сондай-ақ карантиндік қора-жайдың басқа секцияларына ауыстыру) жол берілмейді.

Эпизоотиялық ахуалға және жануарлардың келу (әкелу) орнында нақты нозологиялық бірлік бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шараларға байланысты өндіріс объектісіне әкелінетін жануарлар ауруларға қарсы егілуге жатады.

Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес және эпизоотиялық жағдайға байланысты барлық қажетті диагностикалық зерттеулерді, егулер мен өңдеулерді жүргізеді.

Жануарларды өткізу объектілері қалалық және ауылдық жерлердің шетінде, елді мекендерден кемінде зиянды заттар шығаратын өнеркәсіптік ұйымдарға, санитариялық-техникалық құрылыстарға қатысты жел жағынан және тұрғын үйлерге, емдеу-алдын алу мекемелеріне, мәдени-тұрмыстық ғимараттарға, балалардың мектепке дейінгі және оқу-тәрбие мекемелеріне қатысты желден ық жағынан елді мекендерден кем дегенде 200 м қашықтықта орналастырылады.

Жалпы мемлекеттік, облыстық, қалалық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарынан қашықтығы кемінде 50 м, теміржол түйіндерінен 300 м болуы тиіс.

Жануарларды қоршауларда орналастыру мынадай норманы сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) Ірі жануарлар үшін (түйелер, жылқылар, мүйізді ірі қара малдар – бұдан әрі – ірі жануарлар) – бір жануарға 3 м<sup>2</sup>;

2) ұсақ жануарлар үшін (қойлар, ешкілер, шошқалар) – бір жануарға 1,7 - 2 м<sup>2</sup>.

Қашаларда, қораларда ірі малдарға қосымша байлағыштар жасалады.

Қашаларды металл құрылыстарынан жасайды, олардың биіктігі:

1) Ірі жануарлар үшін кем дегенде 1,5 м;

2) ұсақ жануарлар үшін кем дегенде 1 м.

«Қарағанды облысының ветеринария басқармасының Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» ШЖК ҚМК.





# Ерліктің даңқын сақтаған

7 мамыр – тұтас әлемде тұңғасы биіктеп, тұғыры беки түскен Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күні.

## Азаматтық борышты өтеу – басты парыз

Көшпелі қазақ өркениетінде отаншылдық ең қасиетті ұғымның бірі саналған. Ежелгі түркі қағандығы кезеңіндегі тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің отаншылдық үлгісі көрініс тапса, XX ғасырдың басындағы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев сынды ұлт зиялылары отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де көрсете білді. «Алты алаштың ардағы» атанған Қазыбек би: «Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, көшінің соңы болады» деген. Осындай аталы сөздер ғасырлар бойы халқымызды жігерлендіріп, қанына сіңген қасиетке айналған. Біз әлі де осы қасиеттен ажыраған жоқпыз. Елінің тыныштығын күзетіп, халқының бақытын ойлаған талай өрен шекара шебінен бастап, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қатаң бақылауда. Өзінің Отан алдындағы борышын адал атқарып, абырой

биігінен көрініп жүрген жастарымыз да көптеп кездеседі. Солардың бірі – Ақтоғай ауданының ұланы Жолдыбаев Айбол Ерболұлы. Отан алдындағы міндетін адал атқарып, әскери қызметте шындалған шеберлігін, қырандай қырағылығын танытқан жас сарбаз ҚР Қарулы күштері Құрлық әскерлері десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор М.Кучекбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Мереке қарсаңында ҚР Қарулы күштері Құрлық әскерлерінің құрамындағы №48386 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеп елге оралған Айбол Ерболұлын әңгімеге тартқан боламызбыз: – Азаматтық борышты өтеу – басты парыз. Әскер қатарында болатын бір жыл – бұл азаматтарды көп нәрсеге



үйрететіні анық. Мен де әскерде жүріп көп нәрсені көңілге түйдім. Батыр Бауыржан: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Ер азаматқа тән шымырлық, төзімділік, темірдей тәртіпке үйрендім. Әскери қызметтің қыр-сырына қанықтым. Әскери қызметкер болу – өте жауапкершілігі жоғары міндет! – дейді Айбол Жолдыбаев.

Думан ҚАБЫЛ.

## Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар

Халқымыздың тарихында қайғы-қасіретке толы Ұлы Отан соғысының аяқталып, Ұлы Жеңіске ұласуына биыл 77 жыл толып отыр. Ұлы Жеңіс күнін әкелген Ұлы Отан соғысының ардагерлері, қарапайым тыл еңбеккерлері арамызда сиреп барады. Сұрапыл соғыстың зардаптары, Жеңістің дүние-жүзілік тарихтағы алар орнын өскелең ұрпақ мәңгі есте сақтауы үшін сол Ұлы Жеңісті тарихи ақиқат еткен Халық қаһармандарын дәріптеудің маңызы зор. Осы орайда, архив қорына жаңадан сақтауға алынған құжаттары негізінде Жүнісбек Балғабаевтың өмір жолымен танысудың реті келіп отыр.

Бүгін біз от кешіп, оққа ұшып, ауыр жарақат алып, елге аман-есен оралып, ұрпақ өрбітіп, өнегелі өмірімен үлгі болған майдангер жайлы қалам тербемекпіз. Ол – Қуаныш ауылының соғыс және еңбек ардагері, белгілі ұстаз Жүнісбек Балғабаев ақсақал.

Жүнісбек ақсақал тоғыз айлығында анасынан, 3 жасында әкеден айырылып, жетімдер үйінде тәрбиеленген. Жүнісбек әкеден төрт ағайынды. Тишбек, Төленді, Тәжібек және Жүнісбек. Барлығы да Отан қорғауға қатысқан майдангерлер. Тишбек соғысқа алынып, хабар-ошарсыз кеткен. Қалған үшеуі соғыстан аман-есен оралып, ұрпақ өсіріп бұйрықты ғұмырларын кешкен.

Жүсекең Отан шетіне тұтқиылдан қаскөй жау тиді дегенді естіген бетте, көкірегін кек кернеп, әскери комиссариаттың табалдырығын тоздырып, әке орнына әке, шеше орнына шеше болып ержетіп, адам қатарына қосылуға дәнекер болған Отанын қорғау үшін өз еркімен соғысқа сұранады. Әскери комиссариат алған бетінен қайтпай, соғысқа сұранып, өршеленген өжет мінезді албырт жастың өтініш тілегін қабыл алып, 1941 жылы әскер қатарына алады. Алайда, Жүсекеңе бірден ұрысқа кірудің сәті түспейді.

Темірдей құрсаңған қуатты фашист әскерінің тегеурініне төтеп беру барысында кеңес әскері өзінің соғыс өнерін жетік меңгерген тәжірибелі командирлерінен айырылып қалған болатын. Олардың орындарын басып, солдаттарды ұрыс тәсілдеріне үйрететін командирлердің қажеттілігі туындап, Жүсекеңді екі жылдық әскери оқу-жаттығу училищесіне жібереді. Онда Жүсекең әскери даярлықтан өтіп, лейтенант шенінде майданға аттанады. Сөйтіп, 1943 жылы III-ші Беларусь



майданының құрамында ұрысқа енеді. Алғашқы ұрыстан-ақ, бағылдығымен көзге түскен Жүсекеңе қолбасшылары сенім артып, пулеметшілер взводының командирі етіп тағайындайды. Неміс фашистеріне қарсы ұрыс салып, қияметтің өтінен, тозақтың отынан екі жыл аман өтіп, Жүнісбек ақсақал 1945 жылдың қаңтар айында Магдебург маңында дұшпанмен арада өткен кескілескен ұрыста ауыр жарақат алып, бір қолынан айырылады. Жеңіске жарты қадам қалған шақта госпитальге түсіп, елге оралуға мәжбүр болады. Бала кезінен зерек, зерделі Жүсекең майданнан оралған бетте ұстаздық кәсіпті тандап, Қарқаралының педагогика техникумына (кейінгі Саран қаласындағы педучилище) оқуға түседі. Оқуын 1950 жылы мақтау грамотасымен үздік бітіріп, елге келіп, Қуаныш мектебінде ұстаздық ұлағатты еңбек жолын бастайды. Бір жерден табан аудармай, 25 жыл ұстаздық еткен Жүнісбек Балғабаев «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанады. Елуінші, жетпісінші жылдары Қуаныш ауылдық мектебінде білім алған буын Жүнісбек мұғалімді әлі күнге ұмыта қойған жоқ. Ел Жүнісбек ұстаздың байыпты, байсалды, бекзат бітімді болмысын жиі-жиі еске алып отырады. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген осы шығар.

Қазіргі таңда, Жүнісбек ақсақалдың өнегелі өмір жолын айғақтайтын құжаттары аудандық архив қорына мемлекеттік сақтауға алынып, тарих қойнауына енуі, «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген нақыл сөздің айғағының бірі болса керек.

Қ.Жолдасов,  
Ақтоғай ауданының  
мемлекеттік архив басшысы.

## АТАМЫЗДЫҢ ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



«9 мамыр». Осы сөзді естігенде денеміз түршігіп, барлығымыздың ойымызға бірден Ұлы Отан соғысы келеді. Иә, бұл кезең біздің аталарымызға, әжелерімізге көп қасірет әкелгені рас. Сол заманда біраз адам өзінің әкесінен, бірі баласынан, ал енді бірі жарынан айырылды. Осы мақаламың себепкері болып отырған өзімің атам – Стамқұлов Төлеубай. Атам 1904 жылы 20 мамырда қазіргі Ақтоғай ауданы, Сәуле ауылында қарапайым шаруа жанұясында дүниеге келген. Мария апамызбен отбасын құрып, 8 баланы тәрбиелеп, ер жеткізеді.

1941 жылы шілде айында соғыс басталуына байланысты әскер қатарына алынып, Қарағанды қаласында бір ай оқу-жаттығуға қатысып, сол жерден майдан шебіне аттанады. Орал, Курск бағытындағы соғысқа, Берлин қаласын алуға

қатысады. Бірнеше күнге созылған соғыстан кейін Берлинді алып, неміс әскерін Берлиннен әрі 300 км дейін ығыстырады. Соғыс уақытында екі рет ауыр жараланып, Қарағанды қаласында орталық ауруханада жатады. 1945 жылы 9 мамыр күні соғыс аяқталып, Жеңіс тойын сол Берлиннің жанындағы кіші қалада 3 күн тойлайды.

Содан кейін 40 жастан асқандарды әскери қызметтен босатып, елге қайтарады.

Елге келгеннен кейін қарапайым жұмысшыдан ферма меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Жасынан бастап өрмешілікпен айналысқан.



Атамыздың алған медальдары

Қамшы, жүген, шлия, құйысқан, торсыққа дейін тоқыған. Өнерінің арқасында өмірдегі қиыншылық, таршылықта Стамқұл, Бишайдың (ағайындылар) екі үйдің адамдарын асырайды. Мемлекет күшейгенше таршылық көрсетпеген.

1987 жылы 83 жасында өмірден озды. Атамыздың аруағы қолдап, артында қалған ұрпағын желеп-жебеп жүргей. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болғай.

Немересі – Яхия НҮРЛАНҚЫЗЫ.





# Елдіктің салтын сақтаған

## Ерлер есімі – ел есінде

### Тапаев Хамит

Өлке тарихындағы ерлікті келешек ұрпаққа баяндау мақсатын ұзақ жылдардан бері ұстаздық жұмыспен бірге атқарып келемін. Оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбында зерттеу жүргізіп, ардагер өмірін, соғыстан оралмағандар, тыл ардагерлері, Совет Одағының батырлары, жерлестеріміз Қазыбек Нұржанов пен Нұркен Әбдіров туралы, Ауған соғысы мен Желтоқсан оқиғасына қатысқан аудан жастарының ерліктерін жинақтадым. Өлке тарихына арнап жазылған кітаптарым баспадан шығарылып, аудан халқы пайдалануда.

Осы 2022 жылдың қаңтар айында Семей қаласынан бейтаныс құрбым Камила Қазиева телефон шалып, менің телефонымды Семей қаласына барған ауылдың бір азаматынан алдым деп, шаруасын баяндады. Ол сөзінде әкем Ақтоғай ауданы, Қызыларай азаматы еді, Ұлы Отан соғысына қатысқан, ауылда Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне орнатылған ескерткішке аты-жөні жазылса деген тілегін айтты. 2015 жылы аудан әкімшілігіне хат жазғам, одан хабар болмады деп ойын айтқан.

Әрине, кеш айтылды деп кінәлаудан аулақпыз, шама келгенше көмек қолын созуды жөн көрдім. Өмірбаяны, награда құжат көшірмелері, суретін жіберуді өтініп, оларды алған соң туыстарын тауып, пікірлестім. Дегенмен, тарихты сүзіп шығу мүмкін емес, осы ерлік саласында отбасылы қос ардагер ел тарихына қосылды.

Ол Қызыларай ауылы тумасы, Ұлы Отан соғысы ардагері Қазі Асанов пен оның жұбайы Ұлы Отан соғысына қатысқан Қалзия Ажибекова туралы айтпақпын.

Қазі Асанұлы 7 мамыр 1916 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында, 6-шы ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1933 жылы ауылда шаруашылықты ұйымдастыру жұмыстарынан бастаған. Семейдің мұғалімдер дайындайтын техникумын бітіргеннен кейін, Қарағанды облысының Қарсақпай ауданының Байқоңыр орталық мектебінің директоры, 1937 жылы Қарсақпай ауданының оқу бөлімінің инспекторы қызметін атқарған. 1939 жылы Крупская атындағы Семей мұғалімдер институтына түсіп, 1940 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылған.

Офицерлер құрамында 6 айлық курсты аяқтап, 1-ші Украина танк армиясы құрамына жіберілген, танкист болған. 10 желтоқсан 1942 жылдан 15 қаңтар аралығында әскери шабуылдарда қамқор әрі ақылды саяси жетекші және ержүрек командир болған. Нижний Калиновка соғыс қимылдарында жаудың екі танкісін және атыс ошағын жойып, жаудың артиллериялық оғына қарамастан 2-ші батареяны ертіп алып, жаудың үш отты ошағын жойып, осы аяқтаста ол аяғынан жараланған. Батыл да күшті, ержүрек саяси жетекші Қазі Асановтың көрсеткен ерліктері үшін 23.01.1943 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденін және «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен наградталды.

1944 жылдың бас кезінде капитан атағын алып, саяси бөлім бастығының комсомолдар арасындағы жетекшісі болып тағайындалады.

И.В.Сталин атындағы Ленин орденді Бронетанк және механикаландырылған Қызыл Әскер Академиясындағы алты айлық Академиялық Офицерлер құрамын жетілдіру курсына 1944 жылы бітірді

(АКУОС). Совет Армиясы қатарында 1946 жылға дейін болды. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қайраткерлігі үшін, еңбектегі жетістіктері үшін Қ.Асанов «Отан соғысы» екінші дәрежелі орденімен, «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және бірнеше рет Совет Одағының медалдарымен марапатталды.

Совет Армиясынан демобилизация жасағаннан кейін партия жұмысына жіберген. 1949-1951 ж.ж. Қазақстан КП Орталық Комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебінде оқыды және Мемлекеттік Абай атындағы пединститутқа сырттай түсіп, тарих мамандығын меңгерді.

1951 ж. Қазақстан КП Орталық комитетінде партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары бөлімдерінде инспектор, 1952 ж. Қ.Асанов Семей облысының Ново-Покровка райком партиясының бірінші хатшысы, 1955-1958 ж.ж. Семей

да болған. 1942 жылы Саратов қаласына жіберіп, зенитші мамандығы бойынша қысқа курста оқыған. Курсты аяқтаған соң, 16 армияның 27-ші батальонының авиациялық полкын Брест қаласына жіберген. Мақсат аэропорттар мен әскери аэродромдарды қорғау мен күзет жұмысы болды. Сол Орел қаласында соғыста алғаш неміс самолеттерінің шабуылын тойтарған. Қалзия Ажибекова Орел, Курск, Суми, Гомел, Минск, Брест т.б. қалаларды азат етуге қатысқан. Соғыс қимылдарындағы ерлігіне байланысты Отан соғысы орденімен қатар, «Варшаваны босатқаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны 1941-1945 жылдарда жеңгені үшін» т.б. 15 медальдармен наградталған.

Соғыс аяқталған соң, Қалзия Берлинде әскери қызметте жүргенде танк бөлімінің командирі, капитан Қазі Асановпен танысады. Сол кезде танк полкі Рейхстагқа

Дүниеге келген әр пенденің іздейтіні жалғыз бақыт емес пе? Оны біреулер көл-көсір байлықтан, біреулер атақтан, біреулер болмысынан, енді біреулер ізгіліктен іздеп таппақ. Бақытқа жету жолында сан алуан тағдырлар бар. Ал, Хамит аға 1919 жылы Қызыларай ауылында туған. 1934 жылы Семей қаласында педагогикалық училищені бітірген. Міндетті әскери борышын өтеуге алынған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Х.Бекішевтің «Батальон, алға!» деген кітабында байланысшылар взводының командирі Хамит Тапаевтың ерлігі баяндалады.



Байланысшылар взводының командирі Х. Тапаев.

Суретімен берілген. (47 бет) Ерлігі үшін марапатталған. 1947 жылы соғыстан қайтқан соң, Литвада болып, сол жерде бір ауданда



облысының Абай ауданының райком партиясының бірінші хатшысына сайланған. 1958-1962 ж.ж. Семей облысының Ново-Покровка аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметінде, 1962-1967 ж.ж. Семей қаласындағы жеңіл өнеркәсіп техникумында директор қызметінде, бірнеше рет КП облыстық комитетінің мүшелігіне, облыстық Кенеске депутат болған, Қазақстан КП VII съезінде Орталық партия комитетінің ревизиондық комиссиясына мүше болып сайланған. Партия қандай салада жұмысқа жұмсаса да, сауатты, қажет жерде көмек қолын созған ұйымдастырушы болған.

Семей облысының «Иртыш» газетінде №107 (11853) 2 июнь 1967 жылғы санында еңбектегі жетістіктері жарияланған газет материалымен таныстым, сондай-ақ, Д.Қонаевтың «Сталиннен Горбачевке дейін» атты кітабында аудандық комитеттің хатшысы Қ.А.Асановты қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге қабілетті әрі енген тәжірибелі жас қызметкер ретінде атап өткен. Өмір дерегінде ерлігі жетерлік азамат екені байқалды.

Қызыларай ауылы тумасы, Ұлы Отан соғысы ардагері Қазі Асанов жұбайы Ұлы Отан соғысына қатысқан Асанова Қалзия (бұрынғы фамилиясы Ақылбаева) Ажибекқызы. Қалзия 19 қыркүйек 1924 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қазрис селосында туған. 1942 жылы мамыр айында 126 қыз ерікті түрде майданға аттанғандар құрамында Қалзия

шабуыл жасауға қатысқан. Жеңістен соң, бір жыл өткен соң, отбасын құрған. Екі қыз өсірген. Майдандас құрбыларымен хабарласып, кездесіп тұрған. Соғыстан соң, 30 жылдан аса Абай ауданының райсобесі меңгерушісі, одан соң Семей облыстық собесте пенсионер бөлімде аға инспектор болып, зейнеткерлікке шыққан. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығында Н.Ә.Назарбаев атынан (18.04.2005 ж.) ҚР Құрмет грамотасын және Беларусь Республикасы Президенті А.Лукашенко атынан мерекелік медаль алған.

Асанова Қалзия Ажибекқызы 20 тамыз 2010 жылы 86 жасында өмірден өтті. Қыздары Клара мен Камиля ата-аналарын мақтан етеді. Қалзия ана 6 немере, 9 шөбере көрді.

Қызы Камиля Асанованың айтуынша, Қызыларай ауылында Отан соғысына қатысқан ардагерлерге орнатылған ескерткішке менің де әкемнің атын жазуыңызды сұраймын деген өтінішіне туысы, Қызыларай азаматы Серік Мұқашев және балалары, немерелері ел есінде мәңгілік қалса деп ойлайды.

Біздің мақсат ардагерлер есімін, ерлігін келешек ұрпаққа жеткізу болса, ал есімін тақтаға енгізу ел басқарып отырған азаматтар есінде осы мақаламен танысқан соң бір шешім болады деп ойлаймын.

Торғай Ақпанбаева, «Халық ағарту ісінің үздігі», ардагер ұстаз, өлке зерттеуші, «Ел ардақтысы» медалінің иегері.



райкомның екінші хатшысы болған. 1954 жылы Алматыда партия мектебінде екі жыл оқып, Қарағанды облысы, Нұра ауданында 1956-1990 жылдар аралығында басшылық қызметтер жасаған.

14.12.1990 жылы қайтыс болған соң, туыстары өз аманаты бойынша туған елге – Қызыларайға әкеліп жерлеген. Ескерткішті Аня, Валера, Саша, Марат орнатқан. Туыстары бар.





РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы – өскелең ұрпақты елін, жерін сүйетін, тарихын құрметтейтін, ұлттық құндылықтарын бағалай білетін жастарды тәрбиелеу үшін өте маңызды құжат екенін өмір дәлелдеп отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құндылықтары біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал қызмет ету, ғылым мен білімге ұмтылыс – мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы

ұстаз, кәсіби суретші, ауданның құрметті азаматы Аманкүл Мұсатайұлы туралы осы уақытқа дейін қаншама мақалалар да, кітап та жазылды. Әлі де жазыла береді. Ақтоғай ауданының тарихын Аманкүл ағасыз қарастыру мүмкін емес. Орталық Қазақстан аймағының көне тарихы мен ескерткіштерін зерттеуде, белгілі академик Әлкей Марғұланмен бірге жүріп, араласып, кеңісіп жасаған жұмыстары қыруар. Аманкүл Мұсатайұлы Әлкей Марғұланның шәкірті, академик-ғалым өзі ұйымдастырып, өзі басқарған Орталық Қазақстан экспедициясының Арқадағы құрметті мүшесі болған. Орталық Қазақстан экспедициясы – Қазақстанның археология ғылымының тарихында ерекше орын алатын маңызды ұйым. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыда КСРО Ғылым Академиясының Қазақстан филиалы жұмыс істегені тарихтан белгілі. Ол уақыттарда барлық арнайы экспедициялар орталықтан

«Ардақты Ғазыл, Аманкүл!

Сендерге бізден көп сәлем. Өмір әр алуан түрде жүреді ғой. Кейде көп уақыт кездесе алмай, хабар ала-алмай отырсың. Бұл хат сендерді мерекемен құттықтап, өздеріңе қуанышты өмір берсін деп жазып отырмын. Балаларың жақсы оқып жатыр деп естідім, бірақ біздің үйге келіп, өзі туралы ештеңе айтпайды. Бәрі жақсы болу керек.

Сәлеммен: Әлкей Марғұлан. 25 қазан 1975 ж.ж.

«Ардақты Аманкүл, Ғазыл, екеуіңе көп сәлем!

Ақтоғай ауданында қорғандар Тоқырауынның бас жағында, Байыштың Қарашоқысы деген жерде көп. Соларды қазсаң, музейді байытасың. Ғұндардың әдемі қорғандары Көрпетай тауының батыс теріскей жағында. Осыларды қазсаң, ғылымды байытасың...

Әлкей Марғұлан. 1980 жыл.

Міне, бұл жазылған хаттардың бір бөлігі

зерттеп, жарыққа шығуына үлкен үлес қосады. Даңқты жерлесіміз, әйгілі суретші Сахи Романовтың туған елімен қауышуына да себепкер болған Аманкүл Мұсатайұлы екенін екінші-бірі біле бермейді. Сахи Романовқа бірнеше мәрте хат жазып, Алматыға іздеп барып, туғандарымен қауышуына септігін тигізгені ақиқат. 1983 жылы Алматыға барған бір сапарында әйгілі суретші, қыл қалам шебері Сахи Романов Аманкүл ағаға Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейіне апарып қой деп 40-тан аса шығармаларын сыйға тартады. Әйгілі суретшінің шығармаларын Ақтоғай музейіне алып келген, әрине, Аманкүл Мұсатайұлы. Аманкүл Мұсатайұлы – кәсіби суретші, қыл қалам қасиетін тереңнен меңгерген, өзіндік биік талғамы бар шебер. Ағамыз туған жерін, өскен елін, сол жердің жақсы мен жайсаңдарын, арыстары мен зиялыларын қыл қалам арқылы жаңартып, жасартып,

# Сегіз қырлы, бір сырлы тұлға

ғасырлар бойы, атадан балаға беріліп келген асыл қасиеттер», – дейді.

Бүгінде осы қасиеттерді дамыту өте маңызды. Бұл қасиеттер халқымыздың бірлігін және ұлттымыздың жасампаздығын нығайтады, жаһандану кезеңінде ұлт ретінде сақталып қалуымызға септігін тигізеді. Қазақстанды болашаққа бастайтын – жастар. Сондықтан да, бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Рухани жаңғыру құндылықтарының басты бағыты «Тарихқа құрметпен қарау!» Туған жердің тарихын зерттеп, ұрпақтан-ұрпаққа табыстау өте маңызды. Алаш ардақтыларының бірі Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзіңді майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін, туған жер!» деген сөзі санамызға жиі орала береді. Туған жердің әрбір сайы мен қырағы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Туған жерінің тарихын зерттеп, отандық тарихқа үлкен көмек көрсеткен жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек», – дейді Қ.Тоқаев. Туған жерге деген сүйіспеншілік, туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімдерге ұласады. «Туған жерге туынды тік» деген дана халқымыз. Бұл – әрбір азаматтың кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті, үлкен құрметті білдіреді. Яғни, кез келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлап, осы қасиетті жалғастырып, ұрпаққа табыстауы адами көріністің бір белгісі.

Туған өлкеге деген сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады. Оған сай сол өлкеде халқына осы тарихи құндылықтарды тырнақтап жинап, сай-саланы кезіп, іздеп, ұрпағына қалдырып кеткен біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал», – деп тағы да айтады. Иә, осындай абзал, қайсар, еңбекқор, патриот жандардың бірі, ауданымыздың тарихына есімі алтын әріппен жазылған азамат – Аманкүл Мұсатайұлы. Аман ағаны ауданда, облыста, республикада білмейтіндер некен-саяқ. Халқына адал еңбек еткен, туған жерінің тарихын зерттеген, өлке тарихына қомақты үлес қосқан жанның мәңгілік ұмытылуы мүмкін емес. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса, Адамды сонда адам деген мақұл» – дейді. Адал еңбек – ізгілікті еңбек. Мейірім деген ізгіліктің формасы. Таза еңбектің өзегі – ізгілік. Артынан өшпес мұра, қаншама ізгілікті дүние қалдырған белгілі өлкетанушы, ардақты

ғана ұйымдастырылып, сырттан басқарылып жүргізіледі. Кадр мәселесі жетіспейді, Орталықтың қаһарына мініп тұрған кезі. Соғыстан кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясы ашылып, президенті Қ.Сәтбаев тағайындалған соң, Қазақстанда басқа ғылым салаларына тарих, археология, этнографияға көңіл бөлініп, дами бастады. Сол алғашқы тарихи сәттерде Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстан ескерткіштерін күн тәртібіне қойып, республикада өз экспедициясын ашу мәселесін көтерді. Осы мақсатпен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1946 жылы Арқа жеріне келіп, өз жұмысын бастайды. Осы отандық маңызы бар жұмыстың басы-қасында жүрген жерлесіміз Аманкүл Мұсатайұлы болды. 1950-70 жылдары Аманкүл Мұсатайұлы Орталық Қазақстан экспедициясы жұмыстарына белсене араласады. Археолог ғалымдармен бірге Балқаш, Ақтоғай, Қарқаралы, Шідерті өлкелерін зерттеуге атсалысады. Ұлытау, Арганаты өңірлерін, Шет, Ақалдыр төңірегін де көп аралайды. Далалық зерттеу жұмыстарында Әлкей Марғұланның таза ғылыми еңбегімен бірге, оның ұйымдастыру жұмыстарына қажетті адамдарды тарта білуі де бекер емес. Экспедиция құрамында Ә.Оразбаев, Қ.Ақышев, Л.Қызыласов, М.Қалдырбаев, С.Ақынжанов, А.Ермолаева, Т.Кулик, Г.Пацевич, этнографтар Х.Арғынбаев, Е.Масанов, М.Мұқанов, белгілі антрополог О.Исмагулов жұмыс істеді. Барлығы да археология-этнография ғылымының білікті, одаққа танымал ғалымдары. Осындай абыройлы экспедиция құрамында Аманкүл Мұсатайұлы да еңбек етті. Бұл, әрине, аудан үшін үлкен құрмет. Әлкей Марғұланның Аманкүл Мұсатайұлына, ол кісінің отбасына үлкен сеніммен, құрметпен қарағанын, ерекше сыйлағанын, жазған хаттарынан анық байқауға болады. Осы ғылыми экспедиция жұмысына Аман ағаның өзі ғана емес, бүкіл отбасы бірге қатысқан десе де болады.

«Ардақты Аманкүл!

Қарт анаға, Ғазылға, балаларға, өзіңе көп сәлем. Жібержен суреттерің келді. Оған көп алғыс айтамын. Бегазының қақпа тастарын жақсы түсіріпсің, масштабы бұдан да ірі болғанда, тіпті өзгеше болады екен. Шоқанның бейнесі жақсы табылған. Романтика мен тұңғыш сезімге шомылған жас ойшыны солай көрсету шеберлікті білдіреді. Шоқанды сенен артық жазған кісі болмақшы емес.

Сәлеммен: Әлкей. 20 март 1971 жыл. Алматы».

ғана...

Осы хаттарды талдай отырып, біраз дүниені қырағы көзбен-ақ түсінуге болады. Академик-ғалымның Аманкүл Мұсатайұлына үлкен сенім артқандығы. «Шіркін, әр адам табиғатты, туған елдің тарихын Аманкүлдей сүйсе ғой. Шіркін, бар адам даңқты жеріміздің көне тарихын осындай терең ықыласпен зерттесе, ежелгі баяғыда-ақ әйгілі еткен болар еді» – дейді академик бір сөзінде. Осының өзінде Аманкүл ағаның еңбегіне академик берген үлкен баға бар. Яғни, Ақтоғай ұстазының бұл еңбегі үлкен ерлікпен парапар. Көп жылдар бойы тау-тасты кезіп, өлке тарихын сарғая зерттеген Аманкүл Мұсатайұлы туған жер туралы үлкен бір толғау жазды десе болғандай. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Археология және этнография институтына, Ақтоғай өлкесінің шежіресінен тастағы жазулар мен суреттерді, тас мүсіндерді қаз-қалпында түсірген 25 сурет дәптерін тапсырады. Өлкенің өңірінен 1000-нан астам ескерткіштер мен таңбалы тастарды стилін сақтай отырып, алуан түрлі бояумен қағаз бетіне көшіріп алса, бірнеше мың мәрте фотоаппаратпен де түсірді, архиві өте бай. Бір ғажабы, Аманкүл Мұсатайұлының дәптеріне түскен таңбалы тастар мен таңбалы мүсіндер, балбалдар мен кешендер археология ғылымына үлкен жаңалық болып қосылып отыр. Ақтоғай өңірін ерекше ынта қойып, зерттеген академик Әлкей Марғұланның Аманкүл Мұсатайұлын өзінің ғылыми хатшысындай көріп, сенетіні де сондықтан болар.

Сегіз қырлы, бір сырлы Аманкүл Мұсатайұлының этнография ғылымына да қосқан үлесі өте зор. Орталық Қазақстандағы тарихи этнографиялық деректерді зерттеп, жинастыруда да жасаған еңбегі зор. Есімі елге әйгілі Сармантайдың Ахметжаны туралы, шығармашылығы, өмір жолы жайлы деректерді қағаз бетіне түсірген. Көне көз қарттарымыз – тарих шежіресі. Олардың айтқан естеліктері мен әңгімелері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Елі мен жерін шапқыншы қалмақ жауларынан қорғап, бағыр бабаларымыз қара қылды қақ жарып, билік айтқан шешен билеріміз туралы қызықты әңгімелерді де жинастырып, қағаз бетіне түсіруге тырысқан. Жидебай батыр, Қарамеңде би, Алаша хан, Қабанбай батыр, Қарақожа, Жалаңтөс батыр сияқты тарихи тұлғалар туралы деректерді жинап, мұражай қорына тапсырып отырған. Ақтоғай ауданындағы Шалғынбай Томайұлы туралы естеліктерді жинап, оның күйлерін, шығармашылығын

ұрпаққа мұра етіп қалдырған тұлғалы суретші. Аманкүл Мұсатайұлының қолынан шыққан туындылар облыс, республика, мемлекет деңгейіндегі көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға да ие болды. Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арнайы бейнесін жасап, жарыққа шығарады, Шығыс шолпаны атаған Шокан Уәлихановтың майлы бояумен салған портреті де жоғары бағаға ие болды. Аманкүл Мұсатайұлының галереясынан Орталық Қазақстанның небір табиғаты әсем жерлерінің суреттерін кездестіруге болады. Қарқаралы мен Шұбартау, Бегазы мен Ақшатау, Бектауата мен Сарытерек аймақтары майлы бояумен үлкен полотлоларда шынайы бейнелерін тапқан. Әл-Фараби мен Абайдың, Шоқан мен Ыбырайдың, Қорқыт баба мен Асанқайғының портреттері де қызықтырмай қоймайды. 20 ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы болған Әлихан Бөкейханұлы ақталмай тұрып, ең бірінші Әлекең туралы қаймықпай жазған да Аман аға болатын. Жеке қолжазба дәптерінде Желтау тауының тарихы, Желтауды мекендеген төрелер мен қаракесектердің көшкін аталары туралы жазады. Төре – қазақтың данасы. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан осы жерде, Қасым қорасында дүниеге келген екен. Кейінгі әңгімелерде жиі айтылып жүрді. Әлихан Бөкейхан Желтаудағы таңбалы тасқа келіп, үлкен қариялардың басын қосып, әңгімелесіп отырады екен. Кейде ұзақ ойға шомып, бірденелерді жазып отырады. Яғни, таңбалы тас деп отырғаны кейіннен Әлекең үстіне шығып отыратын әйгілі «Қаратас». Әлихан Бөкейханды 1922 жылы соңғы рет осы жерден Кеңес өкіметі ұстап алып кетеді. Дәл осы жерде төрелер Қасым мектебін ашқан. Мұнда талай шәкірт оқып, білім алған. Сегіз қырлы, бір сырлы, қатарынан ерек туған, өнерлі, текті, бекзада, ілімі мен білімі жарасқан, еңбекқор, қайсар жанның бір басына тоғысқан ерекше қасиеттері Отан тарихынан лайықты орын алатыны даусыз. Аға ұрпақтың мәңгілік мұрасын өскелең ұрпақ қалірілеп, білуге тиісті. Ақтоғай аудандық тарихи-өлкетану музейінің негізін қалаған белгілі өлкетанушы, кәсіби суретші, ұлағатты ұстаз Аманкүл Мұсатайұлының өмір жолы еліміздің келешегі үшін үлгі-өнеге болатынына кәміл сенеміз.

**К.Абдрахманова,**  
**Қарағанды Медицина**  
**университетінің Қазақстан тарихы**  
**мен әлеуметтік саяси пәндер**  
**кафедрасының ассистент-профессоры.**





**Қожамбаев Мәдениет**

Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған **Қожамбаев Мәдениет** 83 жасында дүниеден озды.

Қожамбаев Мәдениет 1939 жылы Қызылорда облысының Қызылорда ауданының Қызылорда қыстағында дүниеге келген.

Алматы Қазақ ауыл шаруашылығы институтында білім алған.

Алғашқы еңбек жолын «Коммунизм» ұжымшарында бас агроном болып бастаған.

Аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, облыстық өсімдік қорғау станциясының аудандық бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған. Соңғы қызмет орнынан зейнеткерлікке шыққан. Сонымен қатар, өнерді қоса алып жүріп, аудандық «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамбліне қатысып, халық театрында әртүрлі кейіпкерлердің бейнесін сомдап, «Рауан» атты жанұялық ансамбльді ұйымдастырған.

«Шығар шыңым – Қызылорда, Шырқар әнім – Ақтоғай» атты естелік кітабын жарыққа шығарып, облыстық аудандық деңгейде марапаттарды иеленген.

Ауыл шаруашылығы саласында қызмет жасап, саналы ғұмырын ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуына, халыққа қызмет көрсетуге арнаған Қожамбаев Мәдениет ағамыздың есімі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл білдіреміз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

**С.Әбеуова, Р.Әбеуов, Қ.Қошантаев, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, А.Түкбаева, Т.Таукеев, Р.Тусупбеков, Н.Жаңабегенов, Қ.Рысбеков, С.Сыздықов.**




**Еске алу**

Жидебай ауылының тумасы, нағашымыз, арқа сүйер қорғанымыз **Төлеубаев Санаттың** бұл фәниден бақиға аттанғанына 40 күн толады. Адам баласының пікірімен санаспайтын уақыт шіркін зымырап, күрмеуге келмейтін қырық күн де өте шығыпты. Тіпті, сену қиын. Нағашымыздың жарқын бейнесі қаз-қалпында көз алдымызда, жүрегіміздің төрінен мәңгілікке жай алған. Сол жүрек соғысын тоқтатпайынша, нағашыға деген сағыныш та, бір ғұмырға бергісіз тәтті естеліктер де өшпек емес. Тіршілігінде ағайын-туыс, дос-жарандарға сыйлы болған нағашымыз өте көпшіл, қолы ашық жан еді. Тағдырдың жазуына не шара? Алдағы уақытта тек қолымызды жайып, рухына дұға бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын.

Жатқан жерің жәннат болсын лайым, Қорғасыншы, қолдасыншы Құдайың. Құран нұры нұрландырып әрқашан, Жолдас болсын, тек жинаған иманың.

**Еске алушылар: апаң – Шәмшия, жиендерің – Перизат-Тоқтасын, Шакизат-Алмаз, Нүргелді-Индира.**



**Еске алу**

Ақтоғай ауылының тумасы, жанашыр бауырымыз **Қайрат Елубайұлының** мезгілсіз өмірден өткеніне бір жылдай уақыт болыпты. «Ажал айтып келмейді» дегендей, күні кеше ғана арамьзда күліп-ойнап жүрген бауырымызды сағынышпен еске аламыз. Біз үшін орны әркезде бөлек болған ардақты жан көзден кетсе де, көңілімізде мәңгі сақталып қала бермек.

Алланың жазуына ешкім де қарсы тұра алмайтыны рас, тек рухына дұға тілеп, Алладан иман байлығын сұрап, құлшылық жасаудан басқа қолдан келер шара бар ма? Марқұмның топырағы торқа, жатқан жері жайлы, қабірі жарық болсын деп дұға бағыштаймыз.

Жанарға мұң, санаға сұрақ толып, Бұл өмірде жоқ екен тұрақтылық. Топырағың торқа болсын, аяулы жан, Мекеніңді бұйыртсын жұмақ қылып.

**Еске алушылар: бауырлары.**

**Бауырымыздың қайтыс болғанына бір жыл толуына арналған жьлдық асы «Ай-Фар» мейрамханасында мамыр айының 9-ының жьлдызында беріледі. Асқа туған-туыс, көрші-қолан, құда-жесекжат, құрбы-құрдас, барлық жсамағат шақырылады.**



**Еске алу**



Ажалға кимайтын ерке де қамқоршы бауырымыз, аяулы жар, Алатаудай тірек болған абзал әке, немерелерінің баға жетпес атасы болған **Ахатымыздың** жер бесігіне жатқанына 40 күн толды. Жүрегіміз қанша сьздаса да, өмірдің қатал заңына бағынбасқа амал жоқ...

Орны толмас ардақтымыздың рухына дұға тілеп, жаны жәннатта, мінгені пырақ ұстағаны шырақ болсын дегеннен басқа не шара бар?!

Бар ғұмырын ұстаздықпен байланыстырған, ауданымыздың дене шынықтыру мен спорт саласында, сондай-ақ, жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруде де аянбай тер төккен әкеміздің берген білімі мен атқарған жұмысы барлық шәкірттерінің есінде екені сөзсіз. Жастайынан ауданымыздың өнер саласына да өзіндік қолтаңбасын қалдырып, «Ардагерлер» ансамблінің мүшесі ретінде де бірнеше байқауларға қатысқан еді. Елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы болған әкеміз аудандық ардагерлер кеңесімен де бірігіп, қоғамдық іс-шаралардан тыс қалған емес. Барлық уақытта еңсесін биік ұстап, ортасында сыйлы, ағайын-туысқа қамқор бола алды. Қара шаңыраққа келгендерді құшақ жая қарсы алып, арқа-жарқа әңгімелесіп, кендігінен кем болмады. Жанұямызда да әкеміз біз үшін үлгі тұтарлық тұлға еді. Ауыртпалығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде анамызбен бірге бізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шокытпай, ұяда түлетіп өсірді.

Өлім түгілі, өкпеге кимайтын асқар тау әкеміз жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?!. Асыл әкеміздің қайтпас сапардан оралмайтындығы өзегімізді өртейді. Өмірінің соңына дейін ғұмырын шәкірт тәрбиесіне жұмсаған Ахат бауырымыздың аты мен заты ел аузында «Аңыз адам» болып қала бермек.

Кеттің ұшып қайта келмес тұраққа, Сапар шектің шексіз-шетсіз ұзаққа. Жаратқаннан тілеріміз ендігі, Жаның мәңгі орын тапсын жұмақта.

**Өзінді сағына еске алушылар: бауырлары, жұбайы – Гүлбаршын, балалары – Қайыржан-Зульфина, Досан-Айнұр, Айбатыр, немерелері – Рамазан, Аружан.**

**Әкеміздің өмірден озғанына қырық күн толуына арналған ас 14 мамыр күні сағат 13.00-де аудандық мешитте беріледі.**

**Еске алу**

Байбосын батыр жасында қалада болып спортпен, оның ішінде бокспен шұғылданған. Арманы спортшы болу болатын. Орысша оқыған, өте сауатты. Адамгершілігі жоғары, қаншыл, қайырымды жан, әлсіздерге қамқор. Ерен күш иесі. Әділетсіздіктің жолында күресіп, жазықсыздан жапа шеккен ағамыз **Ысқақов Байбосын Сембайұлына** арналады.

Жолбарыстай қайсар жүректі,	Өздері қазған орға өздері түсті.
Қорғасындай күйған білекті.	Қасқырдың аузы жесе де қан,
Жаны қысылған адамдарға,	Жемесе де бәрібір қан.
Байбосын батыр керек-ті.	Әділеттілікке қарамайтын,
Жасынан болды өжетті,	Әділетсіздерің билеген заман.
Тұлғасы елден бөлек-ті.	Жазасын алды, жалыққан емес,
Шұғылданып ол бокспен,	Өтті деп өмір тарыққан емес.
Қатарынан тез ержетті.	Ақтоғайдың айбары еді,
Орысша мектеп бітіріп,	Байкеңдей батыр басқаға елес.
Орыстармен жүрді көсіліп.	Дүрілдеген күш-қуат барда,
Төбелестен жеңілгендері,	Байлық қуып, қылмады пайда.
Байкеңе жүрді өшігіп.	Күштілер жайлы әңгіме шықса,
Ол заманда оңай ма,	Байбосындарың түседі ойға.
Қалада жүру талайға.	Байкең сондай мықты адам еді,
Бұзақы көп көшеде,	Әкесі Сембай – Қарамеңде тегі.
Өлтіре ме, жоқ, тонай ма.	Молла болған қасиетті адам,
Талайдың болды қорғаны,	Ақтоғай халқы сыйлайтын бәрі.
Қазақ деп тамды қандары.	Ерлігі Байкең елдің жадында,
Жазғаны болды тағдырдың,	Болғанмен заң билік қолында.
Спортсмен еді арманы.	Баяғы заман батырларындай,
Ауылды аңсап, қалада өскен,	Айналып отыр бүгін аңызға.
Алты Алашқа атағы жеткен.	Еліңнің болдың еркесі, аға,
Жаны қысылғандар маңына таып,	Жамандап ешкім бермейді баға.
Қорғанышымыз Байбосын дескен.	Артында көп ағайындарың бар,
Жазықсыз жанға жоламайтын,	Рухына бағыштап, жасайтын дұға!
Озбырлыққа әсте шыдамайтын.	
Кім әлсізге қиянат етсе,	
Бет-жүзіне оның қарамайтын.	
Ауылға келді, еңбек етті,	
Байлық та болды аста-төкті.	
Біреуі бірақ бақытты етпей,	
Әділдік іздеп өмірі өтті.	
Шам алып оның соңына түсті,	
Арамзаларың билігі күшті.	
Ор қазып жүріп, ойсыратам дегендер,	<b>Жазған: Ақан Боқанұлы, Ақтоғай ауданы.</b>

**Еске алу**



Руы – Темеш, қимас бауыр, аяулы апамыз **Нұрмағамбетова Шарбат Елубайқызы** көзі тірі болса, мамырдың 9-ыншы жұлдызында 60 жасқа келер еді. Әулетіміздің ардақтысы болған қадірлі жанды ойласақ, көңіліміз күніреніп, көзімізге жас үйіріледі. Жақынға да, жатқа да жаттығы жоқ, бар болмысы біреуге жақсылық жасаудан тұратын, сабырлы мінезге, кіршіксіз көңілге бай еді.

Алланың жазуына не шара, апамыздың мерейтойын арамьзда тойлауға нәсіп етпеген екен. Мезгілсіз ақтық сапарға шығарып саламыз деп ойлаптыз ба? Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, жұмақтың төрінде бол, бауырым!

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында өнегелі өмір сүріп, соңына өшпес із қалдырған Шарбат апамыздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталмақ.

Жан едің ғой қара жерге қимайтын, Туған-туыс құрмет етіп сыйлайтын. Жатқан орның төрі болып жұмақтың, Алла берсін бар байлығын иманның.

**Сағынышпен еске алушылар: бауырлары.**

Аудандық ардагерлер кеңесі тыл және еңбек ардагері, карт ана **Маймышева Ағиланың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ ұжымы мектептің математика пәнінің мұғалімі Сәттібаева Гүлжанатқа анасы **Мыңғышқызы Забираның**, осы мектептің хатшысы Әшембек Гүлденге үлкен енесі **Маймышева Ағила** анамыздың қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



# Өнерлі жігіт өрге озар

Аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына – 30 жыл және 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай «Жігіт сұлтаны-2022» аудандық жігіттер сұлтаны байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты – қазақ халқының мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін насихаттау және дамыту, берік және бақытты отбасының иесі болуға тәрбиелеумен қатар, жастардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату, отансүйгіштікке, шешендік пен тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу, үлкен-кішіні құрметтеу болып



табылады.

Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар жастардың дүниетанымын кеңейтіп, бос уақытын тиімді пайдалануына септігін тигізеді және олардың бойындағы дарындарын ашуға мүмкіндік береді.

Байқау барысы 5 кезеңнен тұрды. «Сұрасан, мен атаның баласымын» атты алғашқы кезеңде сайыскерлер көркем сөз арқылы өзін, туған жерін таныстырды. Ал,

«Ғылым таппай мақтанба» атты бөлімде қазақ халқының тарихы, әдебиетінен, салт-дәстүрлеріне байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді. «Жігітке жеті өнер де аз» сайысында әр өнерпаз өзінің қолынан жасалған бұйымдарды көрермен назарына ұсынды. Сондай-ақ, сайыстың қалған бөлімдерінде жігіттердің шапшаңдығы, ептілігі, икемділігі, төзімділігі сыналды.

Байқауға өнерімен тамсандырған, бірінен-бірі озатын сайыпқыран жігіттер қатысты. Жігіттің сұлтаны – дарынды да сымбатты, күшті, яғни сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болуы шарт. Үміткерлердің әрқайсысы осы талаптардың әр қырынан ерекшеленіп жатты. Бес бөлімнен тұратын сайыстың көркін қыздырып, көрермендердің көңілінен шығу үшін байқауға қатысушылар бар өнерлерін ортаға салып, түрлі сынақтардан өтті.

Осылайша «Жігіт сұлтаны-2022» аудандық байқауы өз мәресіне жетіп, байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Ж.Қаржаубай, 1-ші дәрежелі орын Д.Тұяқбай,

2-ші дәрежелі орын Х.Әуезхан, А.Темірбек және 3-ші дәрежелі орынмен Т.Сопьяжанов, Ж.Дәулетбай, С.Шуженовтер иеленіп, алғыс хат және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Қатысушылар түрлі номинация бойынша орындар иемденіп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Т.Азир,

Ақтоғай ауданы әкімінің баспасөз хатшысы.

## Құттықтаймыз!



Қуаныш ауылының тұрғыны, құрметті әкеміз **Жұманбаев Жәнісбай Орынбайұлы** 63 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды да бақуатты ұзақ ғұмыр тілейміз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті.

Әрбір адам баласының өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар қасиеттерді үкілеп келе жатқан сіздің саналы ғұмыр жолыңызды үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Адам баласының ұзақ өміріндегі бәлестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы Пайғамбар жастың орны мүлде ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз.

Шаптанғанда желеу болған анамызбен жұптарыңыз жазылмасын. Бала-шағаларыңыздың қызығын бірге көріп, көз алдымызда аман-есен жүре беріңіз.

Артта қалып атқан әрбір жастық із, Еңбекпенен көзіңізді аштыңыз. Гибратты ғұмыр кешіп баянды, Жер ортасы 63-тен астыңыз. Өрге өтіп еңістегі тасыңыз, Абыз болып алға қадам басыңыз. Ақылшысы болып бала-шағаның, Сексен, тоқсан, жүзге жетейін жасыңыз.

**Ізгі тілекпен: жұбайы – Майра, балаларыңыз – Айдос-Айдана, Ерлос-Әсел, Еркін, Еркін, немерелеріңіз – Дарын, Келбет, Елдар, Кәусар, Әли, Мансұр.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғындары, құдамыз **Сыздықов Амантай Әкітайұлы** 13 мамыр күні 58 жасқа толып отырған туған күнімен, құдағымыз **Төкеева Жанаргүл Аманқызын** 10 мамыр күні 50 жасқа толып отырған мерейтойымен құттықтаймыз! Өз ортасына сыйлы, отбасына асыл жар бола білген өзіңдей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмыры ұзағынан, көрер қуанышы мольнан болсын деп тілейміз.

Шаңырақ биік болып, ортаймаңыз. Әр күнде шаттық болып, той тойлаңыз. Немере-шөберелің бәрін көріп, Жасыңыз жүзге келіп қартаймаңыз.

**Ізгі тілекпен құттықтаушылар: құдасы – Төлеухан, құдағиы – Қалимац, балалары – Амандық-Эльмира.**

## Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Спорт – денсаулық кепілі

# Тартысты өткен тоспа доп турнирі

Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі. Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты – ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» дейді дана халқымыз. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы – бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ақтоғайлықтар атаулы күні тағлымды іс-шара өткізді.



Соның бір парасы аудан орталығында Ж.Шайдаров атындағы саябақта өткен тоспа доп турнирі. Сайысқа өңірге қарасты ауылдық округтерден 7 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Турнирді Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы А.Шакирбаев ашып, командаларға сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысы бойынша

1-орынды К.Байсейітова командасы иеленсе, 2-орынды Ә.Бөкейхан командасы қанжығалап, 3-орынды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы жеңіп алды. Жеңіс тұғырына жеткен командаларға ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің медалі, мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

